

**VI РЫСКҰЛОВ ОҚУЛАРЫ. «ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ
ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

**VI РЫСКУЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ.
«СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ
ФИНАНСОВОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ».**

Материалы международной научно-практической конференции.

**«The VI-th – RYSKULOV READINGS. SOCIO-ECONOMIC
MODERNIZATION OF KAZAKHSTAN UNDER CONDITIONS
OF GLOBAL FINANCIAL INSTABILITY»**

Proceedings of the international scientific-practical conference



Алматы

2012

УДК 338
ББК 659 (5 Қаз)
Ж 35

- Ж 35 **Жаһандық қаржылық тұрақсыздық жағдайындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық модернизациясы. VI Рыскулов оқулары.** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – Алматы: Экономика, 2012. – 1526 б.
Социально-экономическая модернизация Казахстана в условиях глобальной финансовой нестабильности. VI Рыскуловские чтения. Материалы международной научно-практической конференции. На казахском, русском, английском языках. – Алматы: Экономика, 2012. – 1526 с.
Socio-economic modernization of kazakhstan under conditions of global financial instability. The VI-th – ryskulov readings. Proceedings of the international scientific-practical conference. In Kazakh, Russian, English. – Almaty: Economy, 2012. – 1526 p.

ISBN 978-601-225-393-1

Начиная с 2006 года, Казахский экономический университет им. Т. Рыскулова проводит авторитетный и представительный научный форум «Рыскуловские чтения». VI Рыскуловские чтения подтвердили возрастающий интерес к научной разработке актуальных проблем национальной и мировой экономики, а также востребованность практического использования результатов научных исследований в деятельности образовательных учреждений, государственных органов и бизнес-структур.

В VI Рыскуловских чтениях приняли участие представители образовательных и научных учреждений России, Украины, Кыргызстана, Монголии, Японии, США, Чехии, Венгрии, Германии, Китая, руководители министерств и ведомств Республики Казахстан, банковского сектора, посольств, международных организаций, руководители компаний и фирм, сотрудники научно-исследовательских институтов, преподаватели и ученые вузов Казахстана.

УДК 338
ББК 659 (Қаз)

ISBN 978-601-225-393-1 © КазЭУ им. Т. Рыскулова, 2012.
© ТОО «Издательство «Экономика», 2012.

Распространение данной работы или ее части без согласия автора и другие действия, нарушающие нормы по авторскому праву, запрещаются и карются по закону.

<i>Тастандиева Н.Б. Қашымов М., Рахманов И.</i>	Қаржылық тұрақсыздық кезіндегі қазақстандағы тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу проблемасы (алматы облысының мысалында)	502
<i>Текенов У.А. Текенов А.У. Текенова А.У.</i>	Об организационно - экономическом механизме управления региональной экономикой	506
<i>Тлеубердиева Гульнара Исабековна</i>	Информационная система как конкурентное преимущество предприятия	510
<i>Толуқан А.Ж.</i>	Компьютер жүйелеріндегі аппараттарды қорғау	518
<i>Түлегенов Э.Т.</i>	Роль бухгалтера в управлении современной компании	522
<i>Тұсғанова Алтынай Абылгазиетна</i>	Поиск новых конкурентных преимуществ на рынке путем сегментирования и позиционирования	537
<i>Умарбекова Л.С.</i>	Еңбекке ақы төлеу жүйесін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі	542
<i>Цай С.М.</i>	Модели распределения ресурсов на сети сложной структуры	548
<i>Шадаева Б.О. Маджирова К.Э.</i>	Влияние изменения поголовья птиц на производство мяса в сельском хозяйстве (на примере республики казахстан)	552
<i>Шамиев Шухрат Аманович Рахметова Р.У</i>	Совершенствование использования городской информационной системы	560
<i>Шатмарова А.С., Наймаптаева Г.Т.</i>	Кәсіпорындарға сапа менеджмент жүйесін енгізудің маңыздылығы	565
<i>Шарымжан А.</i>	Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнан калькуляциялауды жетілдіру	569

ТАСТАНДИЕВА Н.Б.

К.э.н., доцент,

ҚАЙМОВ М.

РАХМАНОВ И.

2 курс студенттері

Халықаралық Бизнес Академиясы

**КАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ КЕЗІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ
ҚАЙТА ӨНДЕУ ПРОБЛЕМАСЫ
(АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

Үстіміздегі жылдың басында жарияланған статистикалық деректерге сүйенер болсақ, біздің елімізде жыл сайын 20 миллиард тонна қоқыс-қалдықтар жинақталады. Бұл тек біздің елге ғана тән өзекті мәселе емес. Бұл мәселе әсіресе, Еуропада да тым өткірлігімен ерекшеленеді. Десек те, қарт құрлықтағылар қоқыстан да пайда табудың тың жолдарын іздестіруден және оны қолданудан басқалардың алдында тұр. Басқа елдердегідей тұрмыстық қатты қалдықтармен ластану Қазақстан Республикасында да да басты мәселе болып отыр. Батыстың қалдықтарды қайта өңдеуде жинақтаған тәжірибесі соңғы жылдары бізде де бағыл түрде қолданысқа енгізілуде.

Тазалық қоршаған ортаны қоқыстан тазартатын жерде емес, тазалық сол қоршаған ортаға емін-еркін қоқыс тастамайтын жерде. Бұл - ақиқат. Және де бұл ақиқат заңдар мен оларды жүзеге асырудағы қарама-қайшылықтарды айқындап береді. Ақиқат бойынша «Тазар», «Таза қала» атты және де басқа қоқыс тазалайтын кәсіпорындар ҚР азамат кодексіне сәйкес Президенттің 1996 жылы №2335 «Мемлекеттік кәсіпорындар» жарлығы және 2004 жылы № 11-12, 65-құжатпен өзгертулер мен толықтырулар арқылы қайта жарық көрген бұл жарлық бойынша заңды түрде жұмыс атқаруда. Ондағы ережелерде кәсіпорындар салық төлеушілер есебінен емес, тек өз жеке табыста-

рымен ғана қаржыландырылады делінген [1]. Алматы облысының өзінде 2010 жылғы мәліметтер бойынша 17 мемлекеттік және 20 жеке кәсіпорын жылына 850 мың тонна коммуналдық қалдық жинайды. Бірақ олар облыстағы 772 елді мекеннің әзірге 254-ін ғана қамтып отыр. Ал біздің күн сайын бақылайтынымыз оршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер ластағыш заттардың су объектілеріне төгінділерін, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қауіптілігін, уыттылығын ескере отырып, стационарлық және жылжымалы көздерден бөлінетін ластағыш заттардың шығарындылары (төгінділері) үшін, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін, сондай-ақ табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін табиғат пайдаланушылардан алынады [3].

Қазақстан бойынша табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігі Департаментінің шешіміне сәйкес қатты қалдықтарды шығару қызметі бір адам үшін (тұтыну нормасы болған кезде жылына бір адамға $1,1 \text{ м}^3$) - айына 48 теңгеден (ҚҚС-нан) келеді.

Егер коқыс жинаумен айналысатын кәсіпорындар өз қаржыларымен жұмыс жасап жатса, осы салықтан түсетін қаражат қайда бара жатыр деген сұрақ туындайды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Статистика агенттігінің деректері бойынша 2010 жылы Қазақстан Республикасында барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қоршаған ортаны қорғауға және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға 99,7 млрд. теңге инвестиция жіберген [2].

Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты көптеген мәселелерді атап өтуге болады:

1. Қалдықтарды жинау мен шығару жөнінде жеткілікті инфрақұрылымның болмауы елді мекендерде стихиялық

қоқыстар пайда болуынан және оларды жою үшін жыл сайын жергілікті бюджеттен қаражат шығындары артуының бірден-бір себебі болып табылады.

2010 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша, республика аумағында 43 млрд. тоннадан астам өнеркәсіптік қалдықтар жиналған, соның 587,8 млн. тоннасы улы қалдықтардың үлесінде. Қайталама қалдықтарды, соның ішінде улы қалдықтарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі Қазақстанда қолданылмайды. Қалдықтар арнайы полигондарға, жинағыштарға және арнайы қоймаларға жиналады, сөйтіп техногендік қалдықтар жиналған ландшафтылардың көлемі ұдайы өсіп келеді.

2. Қазақстандағы коммуналдық қалдықтардың негізгі бөлігі (95%) кәдеге жаратылмайды, бұл топырақтың, жер асты және жер үсті суларының, атмосфералық ауаның ластануына алып келеді.

3. Қалдықтарды орналастыру мәселесіне келер болсақ, Талғар қаласының өзінде 342 саудаға қатысты, өндіріс саласындағы кәсіпорындар бар. Олардың ішінде қоқыс тазалайтын кәсіпорындармен келісім шарт жасасқандары 134 ғана. Туындайтын сұрақ: сол кәсіпорындардың қоқыс-қалдықтары қайда кетіп жатыр? Яғни сол өндірістен шығатын қоқыстар стихиялық келбетке ие болып, жергілікті әрбір жер аумағында үйінді тәріздес полиглонға айналып жатыр. Оған да біз куәгерміз. Талғар қаласындағы «Тазар» қоқыс тазалайтын жеке меншік кәсіпорының директоры А.Н.Карепиннің Талғар үкіметтік интернет порталында берген «Сколько стоит чистота» атты мақаласы бойынша мәліметтер келтірсек Талғар қаласындағы Лермонтов көшесідегі үйлердің биліктегі

лауазымды азаматтар тұрғындары төрт ай салық төлемеген екен. Ал «Газар» қоқыс тазалайтын жеке меншік кәсіпорының (МКК) шығыны 80 000 тенге болды. Жай Талғар қаласының өзінде 15 000 тұрғын үй бар, келісімшартқа отырғандары 318 ғана [2]. Қалған үйлердің барлығы дерлік, біз қоқысты отын ретінде пайдаланамыз деп ақталуда. Бірақ көшедегі, ауладағы, өзен бойындағы қоқыстар қайдан шығып жатыр? Қоқыс полигондары неге жыл санап артуда? Тазалық қажет болса, әркім өзінен бастағаны абзал болар және осы мәселе бойынша дұрыс идеологиялық насихаттың жұмысын қолға алған дұрыс.

Халықаралық тәжірибелерге сүйенер болсақ, дамыған мемлекеттер тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуден өткізуді дұрыс деп санайды. Мысал келтіретін болсақ, Германияда қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 30 пайызы, Жапонияда 30 пайызы, АҚШ-та 27 пайызы, Швейцарияда 25 пайызы қайта өңделеді. Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 97 пайызы далаға төгіледі. Тек 3 пайызы ғана өртеледі. Бұл ойланарлық жайт болып тұр [2].

Біздің ұсынысымыз, осы шет елдік тәжірибеге сүйене отырып, ең бірінші отандық өнертапқыштарды қолдау. Өнертапқыштық инновациялық жобаның авторы, техника ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің профессоры Төлеухан Ермеков ағамызбен пікірлесу сәті өткен. Ол жетекшілік ететін университеттегі ғалымдар тобы ҚТҚ мен күл-қоқысты химиялық қайта өңдеуден өткізетін инновациялық жаңа технология ойлап тауыпты. Бұл кісі ұсынып отырған жаңа технологияның басты артықшылығы сұйық өнеркәсіптік және қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу үдерістерінің технологиясы (СӨҚТҚҚӨҮТ) ҚТҚ мен

күлқоқысты іріктеу және оларды арнаулы полигондарға тасу жұмыстарынан мүлде бас тартады. ҚТҚ мен күл-қоқысты химиялық жолмен өңдеу барысында пайда болған метан, пропан, бутан сияқты газдарды жылу энергиясын алуға және су ысыту қондырғыларын қыздыруға пайдалануға болады.

Жұмысымыздың жемісті болуын толықтыра кететін ұсыныстарға келер болсақ:

- Ең алдымен, табиғат пайдаланушылардың қалдықтарды есепке алу, өңдеу және залалсыздандыру жұмысындағы жеке жауапкершілігін күшейту,

- Еліміздің барлық өңірлерінде 2-ші санаттағы қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап жинақтау жүйесін енгізу;

- Стихиялық қалдықтарды залалсыздандыру мен өңдеу мақсатындағы инфражүйелерді дамыту, өндірісте пайдаланылған үлкен қалдықтарды екінші қайтара игеруді жүзеге асыру үшін шет елдік тәжірибеге сүйену;

Егер тұрмыстық қалдықтарды әлеуетті пайдалы шикізат ретінде қарастырар болсақ, еліміздің жер үстінде орналасқан байлығын дұрыс қолдана білу біздің парызымыз деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Жаршы», 2004, № 11-12, 65-құжат; «Егемен Қазақстан», 16.06.04

2. <http://www.stat.kz>

VI РЫСКҰЛОВ ОҚУЛАРЫ
«ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

VI РЫСКУЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ
«СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ
ФИНАНСОВОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ»

Материалы международной научно-практической конференции

«The VI-th – RYSKULOV READINGS. SOCIO-ECONOMIC
MODERNIZATION OF KAZAKHSTAN UNDER CONDITIONS
OF GLOBAL FINANCIAL INSTABILITY»

Proceedings of the international scientific-practical conference

Подписано в печать 14.05.2012 г.
Формат 60×84^{1/4}. Объем 95,3 п.л. Усл.-п.л. 88,6.
Уч.-изд.л. 72,4. Тираж 80 экз. Заказ 1/149-12.

ТОО «Издательство «Экономика»
050063, г. Алматы, ул. Саина, 81.

ISBN 978-601-225-393-1



9 786012 253931